

Сарат жалпы орта білім беретін мектебі

Қамқоршылық кеңес отырысының

хаттамасы №3

Қатысқан мүшелер саны: 9

30.05. 2023 жыл

Қатыспаған мүшелер саны:

Қамқоршылық кеңес мүшелері, хатшы, мектеп әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және қорғау, қоғамдағы өмір сүруін қадағалау. мектеп директоры Ж.Б.Қайдақова
2. Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында салауатты өмір салтын насихаттау бойынша оқушыларды сыртқы және мектеп жанындағы лагерге қамтылуын қамтамасыз ету.
3. Мектепте оқу жылының аяқталуын ұйымдастыру шаралары (мектеп бітіру емтихандары мектеп бітірушілер кеші)
4. Өртүрлі мәселелер

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Ж.Б.Қайдақова сөз алды. Сөз барысында мектебіміздегі аз қамтылған отбасынан оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және қорғау, қоғамдағы өмір сүруін қадағалау жайлы айтты. «Ата-анадан өсіп ұрпақ тараған, Жаксы жаман болса бала солардан» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай ата-ананың бақыты баланың дұрыс адам болып өсуіне байланысты. Ал балалардың өздеріне бақыт сыйлайтын тұлға болып қалыптасуы, ата-аналар сіздерге байланысты. Сондықтан әрбір ата-ана өз бақытын өмірінің жалғасы баласынан іздеу керек. Біздің бірлесіп тәрбиелеп отырған ұл-қыздарымыз болашақта ата-анасының үмітін ақтар, елін сүйер саналы да білімді азамат болады деп сенемін. Әрбір отбасына күннің шуағындай шаттық, жылылығындай мейірімділік, береке, түсіністік пен сыйластық, үлкен бақыт тілеймін деп сөзін аяқтады.


2. Екінші мәселе бойынша ДТІЖО М.С.Есмағанбетов сөйледі. Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында салауатты өмір салтын насихаттау бойынша қамқорлыққа мұқтаж оқушыларды сыртқы және мектеп жанындағы лагерге қамтылуын қамтамасыз ету барысында Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 2022 жылдың жазғы демалысын ұйымдастыру жөніндегі тапсырма-жоспарына сәйкес мектеп жанынан «» атауымен демалыс лагерін құрылды Жазғы демалыс лагері жоспарға сай 4 бағытта жұмыс жасайды. Мектеп жанындағы лагер (тамақпен) 24 оқушы, мектеп жанындағы алаң (тамақсыз) шешендік өнер, оқуға құштар мектеп, дебат, театр бағыттары бойынша 25 оқушы қмтылады. Мектеп жанынан тамақпен қамтылған

3. Үшінші мәселе бойынша мектепте оқу жылының аяқталуын ұйымдастыру шаралары (мектеп бітіру емтихандары мектеп бітірушілер кеші) жоспарлануда. Оқу жылының аяталуына байланысты «Бал шақтан болашаққа» салтанатты жиыны өтеді. Мектеп бітіру емтихандары кесте құрылды. «Қош бол, алтын ұя мектебім» тақырыбында түлектердің аттестат алу кеші ұйымдастырылады.

Қаулы:


1. Аз қамтамасыз етілген, әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға мейіріммен қарап тәрбиелейік.
2. Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында жазғы демалыс (тамақпен) лагеріне 8 оқушы, мектеп жанындағы қосымша үйірмелерге 6-8 оқушылары қамтылсын.
3. Мектепте оқу жылының аяқталуын ұйымдастыру шаралары жақсы деңгейде өткізілсін

Қамқоршылық кеңес төрағасы:




Қ.Ш.Нурияхмтова

Хатшы:




Г.А.Сейдагулова


Кеңес мүшелері:




К.Тумышева




Ж.Н.Жеткергенова




Р.Н.Жеткергенов



С.Л.Давыдова



Т.Қайырханқызы



Ж.С.Ыкласбаева



А.А.Жубатова